

күштерінің мәртебесіне қатысты 1951 жылғы 19 маусымда Лондонда жасалған Келісімнің ережелерін (бұдан әрі - NATO-SOFA деп аталатын) ескере отырып, 2000 жылғы 16 қарашада Лондонда жасалған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қорғаныс министрлігі арасындағы қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумның (бұдан әрі - Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум деп аталатын) ережелері негізінде і с - қ и м ы л ж а с а й о т ы р ы п , төмендегілер туралы өзара түсіністікке қол жеткізді:

1-бап

Айқындау

Осы Меморандумда мынадай терминдер қолданылады:

1. "Қабылдайтын Тарап" - осы Меморандумның шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдайтын Тарап болып табылады және оқу-жаттығу өткізу уақытында өз аумағына Британ Күштерінің бөлімшесін уақытша орналастырады.
2. "Британ Күштері" - оны өрістету үшін қажетті ұшағын, көлігін, жабдықтары мен азық-түлігін қоса алғанда оқу-жаттығуға қатысатын Ұлыбритания Қарулы Күштері б ө л і м ш е с і н і ң ж е к е қ ұ р а м ы .
3. "Қабылдайтын тараптың қолдауы" (ҚТҚ) - оқу-жаттығу жазу уақытында Британ Күштерін Қазақстан Республикасының әскери" және азаматтық қолдауы.
4. "Оқу-жаттығу өткізу ауданы" - Британ Күштері қатысатын оқу-жаттығу өткізу жоспарымен айқындалған Қазақстан Республикасының ауданы.
5. "Оқу-жаттығу" - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қарулы Күштері жеке құрамының қатысуымен Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін "Дала Бүркіті-2003" бірлескен әскери оқу-жаттығулары.

2-бап

Мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында Британ Күштерінің қатысуымен оқу-жаттығу өткізуге қатысты негізгі қағидаттарды айқындау және оларға ҚТҚ беру болып табылады.

3-бап

Ниеті

1. Тараптар Британ Күштерін оқу-жаттығуға қатысуына байланысты құқықтық, материалдық-техникалық, тылдық, қаржылық және өзге де мәселелерді келісіп шешуге ұ м т ы л а т ы н б о л а д ы .

2. ҚТҚ беру Британ Күштерінің алғашқы құрамдас бөлігі Қазақстан Республикасының аумағына енген сәтінен бастап жүзеге асырылады және Британ Күштері қабылдайтын тарап мемлекеті аумағынан толық шыққанға дейін созылады.

3. Осы Меморандумның ережелерін іске асыру Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Тараптар арасында жасасылған барлық халықаралық шарттарға қайшы келмеуі тиіс.

4-бап

Қабылдайтын Тараптың міндеттемелері

Осы Меморандумның ережелері аясында және Оқу-жаттығу өткізудің қабылданған жоспарына сәйкес қабылдайтын Тарап мыналарға міндеттенеді:

а) мыналарды қамтамасыз ету үшін санкциялау және барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а у ;

(1) айқындалған кіру пунктінде (-терінде) Британ Күштерін қарсы алу;

(2) оқу-жаттығу өткізудің айқындалған ауданына Британ Күштерін орналастыру;

(3) кету пунктіне (-теріне) дейін Британ Күштеріне ілесіп жүру;

б) оқу-жаттығу өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат алуға жәрдем көрсету;

в) Британ Күштеріне тиісті және оқу-жаттығуға қатысу үшін қажетті әскери және өзге де техниканы, оқ-дәрілерді, қаруды және амуницияларды Қазақстан Республикасына енгізуге, ел ішінде орнын ауыстыруға және шығаруға рұқсат алуға ж ә р д е м к ө р с е т у ;

г) Британ Күштерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы орнын ауыстыруға және кеден рәсімдерінен өтуіне жәрдем көрсету, сондай-ақ Британ Күштерін Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жарылғыш заттарды, оқ-дәрілерді, қару мен басқа да қауіпті материалдарды қауіпсіз енгізу, ел ішінде орнын ауыстыру және одан әкету жөніндегі талаптары туралы хабардар ету;

д) Қазақстан Республикасының тиісті әскери органдары мен Британ Күштері бөлімшелерінің командирі айқындаған орында және уақытта Британ Күштері бөлімшелерінің жеке құрамы үшін оқу-жаттығу уақытында жеке қаруы мен оқ-дәрісін алып жүруге рұқсат алуға жәрдем көрсету;

е) қажет болған жағдайда Британ Күштеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ұсынылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге стандартты және кем

дегенде баламалы болып табылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер ұсыну;
ж) оқу-жаттығу өткізу ауданында болған кезде қауіпсіздік шараларын сақтау жөніндегі тиісті құжаттамамен қамтамасыз ету.

5-бап

Британ Тарапының міндеттемелері

Осы Меморандумның ережелері аясында британ Тарапы мыналарға міндеттенеді:

а) осы Меморандумның ережелеріне сәйкес оқу-жаттығуға қатысу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ресурстары мен ж а б д ы қ т а р ы н п а й д а л а н у ;

б) осы Меморандумның 6-бабының ережесіне сәйкес қабылдайтын Тарапқа ұсынылатын барлық материалдық-техникалық мүлік, тылдық және өзге де қызмет көрсетулер бойынша шығыстарды өтеу;

в) NATO-SOFA келісімінің XI-бабының ережелеріне сәйкес кедендік бақылаудан өту жөніндегі Қазақстан Республикасының рәсімдерін сақтау;

г) оқу-жаттығу өткізу кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының барлық талаптарын сақтау.

6-бап

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру

1. Тараптар мынадай принциптерді сақтайтын болады:

а) қаржылық есеп айырысуларды жүргізген уақытта Тараптардың бір де бірі қаржылық есеп айырысу уақытында ақшалай қаражатты аудару жөніндегі операциялардан ақша ұстамайды немесе пайда таппайды;

б) қабылдайтын Тарап оқу-жаттығуға қатысатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тиісті бөлімшелеріне арналған жағдайлардағы сияқты Британ Күштеріне де материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, жеткізулерді және/немесе қызмет көрсетулерді ұсынатын болады.

2. Егер соңғысы бұл туралы арнайы өтініш жасамаса, Қазақстан Республикасының әскери органдары қызмет көрсетулерді азаматтық жеткізушілерге Британ Күштерінің атынан өтініш жасамайды. Азаматтық жеткізушілердің кез-келген жеткізулері мен қызмет көрсетулері ресми келісім-шарттық негізде жүзеге асырылатын болады.

3. Тауарларға салық салу және кедендік ресімдеу NATO-SOFA келісіміне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін болады.

4. Британ Күштері қабылдайтын Тарапқа ұсынуы бойынша төменде аталған тауарлар мен қызмет көрсетулердің шығыстарын өтеуге міндеттенеді:

а) шұғыл жедел медициналық және стоматологиялық ең қажетті көмек көрсетуден басқа, госпитальға жатқызуды қоса алғанда, медициналық және стоматологиялық қызмет көрсету;

б) казармадағы сияқты полигондарда да Британ Күштеріне берілетін тамақ;

в) кір жуу қызметін көрсету;

г) далалық әжетханаларды пайдалану;

д) олардың келуі және кетуі кезінде әуежайға байланыссыз, Британ Күштерін қабылдау үшін айқындалған ұшаққа қызмет көрсеткені үшін әуежайдың барлық белгіленген алымдары.

5. Қабылдайтын Тараптың жоғарыда аталған барлық шоттары қызмет көрсетілген күннен кейін 60 күннен кешіктірілмей Британ Күштерінің әкімшілік аппаратына берілуі тиіс.

6. Шоттар бойынша ақы төлеу нөмірі Алматы қаласындағы Ұлыбритания Елшілігінің әскери бөліміне берілуі тиіс Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің банкілік шотында теңгемен жүргізіледі.

7. Келу орнынан оқу-жаттығу өткізу орнына дейін және оқу-жаттығу орнынан кету орнына дейін көліктік тасымалдаулар, Британ Күштерінің әскери қалашықтардың тұрғын үй жайларында тұруы, олардың полигондар мен атыс алаңдарын пайдалануы қабылдайтын тараптардың есебінен жүзеге асырылады.

7-бап

Тәртіп және юрисдикция

1. Британ Күштерінің заңды мәртебесіне қатысты NATO-SOFA келісімінің VII-бабы қолданылатын болады.

2. Оқу-жаттығуларды өткізу уақытында, егер Британ Күштері жеке Құрамының әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына тұтқынға түскен жағдайда, онда Қабылдайтын Тарап сияқты Британ Күштері өкілдерінің де аға құрам офицерлері оқыс оқиға туралы жедел хабардар етіледі.

3. Британ Күштерінің юрисдикциясына қатысты NATO-SOFA келісімінің VII-бабы және Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

8-бап

Шекарадан өту және кедендік рәсімдеу

1. NATO-SOFA келісімінің III-бабына сәйкес алдын ала жұмыс тобын қоса алғанда, оқу-жаттығуға қатысатын Британ Күштерінің мүшелеріне Қазақстан Республикасына кірген және Қазақстан Республикасынан кеткен кезде виза талап етілмейді.

2. Британ Күштері қабылдайтын Тарапқа мыналарды ұсынуды міндетіне алады:

а) дайындаушы жұмыс тобының келуіне дейін кемінде 20 күн қалғанда

оқу-жаттығуға қатысатын жеке құрамның толық тізімін;

б) дайындаушы жұмыс тобының келуіне дейін кемінде 20 күн қалғанда Қазақстан Республикасына оқу-жаттығуға қатысу мақсатында әкелінетін қару-жарақтың, оқ-дәрілердің және байланыс құралдарының түрлерін толық сипаттаған декларацияны.

3. Британ Күштері 8.2-тармақта сипатталған осы тізімдер мен декларацияға өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады, бұл ретте қабылдайтын Тарапты бірінші мүмкіндік туған кезде осы өзгерістер мәлім болысымен хабардар етеді.

9-бап

Талаптар, шағымдар және міндеттемелер

Осы Меморандумның ережелерін іске асыру барысында туындайтын талаптар мен шағымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына және NATO-SOFA келісімінің VII-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының құзыретті органдары қарастырады және реттейді.

10-бап

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік мәселелері Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның ережелеріне сәйкес реттелетін болады. Қабылдайтын Тарап Британ Күштерінің іс-әрекетіне оқу-жаттығуды өткізу ауданының шекарасына қол сұққан құзыретті емес органдардың араласпауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

11-бап

Медициналық және стоматологиялық көмек

Британ Күштеріне жедел медициналық және стоматологиялық көмек көрсетуге қатысты Қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумның ережелері қолданылатын болады. Ауруды (жаралыны) эвакуациялау мақсатында қабылдайтын Тарап Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі мемлекеттік рәсімдерге сәйкес Британ Күштерінің медициналық эвакуациялау ұшағына Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кіруін қамтамасыз етеді.

12-бап

Қайғылы оқиғалар, апаттар мен оқыс оқиғалар

1. Осы Меморандумның 7-бабының ережелеріне сәйкес Британ Күштерінің әскери қызметшілері қатысушылары болып табылатын қайғылы оқиғаны, апатты, немесе оқыс оқиғаны кез-келген тергеуді қабылдайтын Тарап жүргізеді. Алайда Британ Күштері

қолбасшылығының осы оқиғалар бойынша кез келген тергеуге өз өкілінің қатысуын қамтамасыз етуге құқылы. Британ Күштерінің әскери органдарына қайғылы оқиға, апат немесе оқыс оқиға хаттамасының көшірмесі беріледі. Британ Күштері өкілдерінің егер мұндайды Ұлыбритания заңнамасы талап ететін болса, бұдан әрі ішкі тергеу жүргізуге құқығы бар.

2. Британ Күштерінің әскери қызметшісі қаза тапқан жағдайда қаза болу фактісін қабылдайтын Тараптың дәрігері белгілейді. Британ Күштерінің дәрігері өліктің денесін ашу кезінде қатысуға құқылы. Тараптар осы қаза табудың себебі мен жағдайларын анықтау және өліктің денесін отанына жөнелту жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды.

13-бап

Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу

Осы Меморандумды түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер тек Тараптардың арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

14-бап

Толықтырулар мен өзгерістер

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалар жасасу жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Меморандумның күшіне енуі және қолданысын тоқтатуы

1. Осы Меморандум оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар арасындағы оқу-жаттығуды өткізуге байланысты барлық мәселелер шешілгенде, оқу-жаттығулардың аяқталуы бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан Британ Күштері шығарылысымен өзінің қолданысын тоқтатады. Осы Меморандумды Тараптардың бірі тиісті жазбаша хабарлама жіберу жолымен тоқтатуы мүмкін. Бұл жағдайда осы Меморандум өзінің қолданысын басқа Тарап жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап кемінде бір айдан соң тоқтатады.

2. Осы Меморандум қолданысын тоқтатқан жағдайда 6, 9 және 13-баптар шоттарды біржолата төлегенге және барлық шағымдарды, даулар мен келіспеушіліктерді реттегенге дейін күшінде қалады.

_____ қаласында 2003 жылғы " ____ " _____ әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің

бірдей күші бар. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

үшін

үшін

Ұлыбритания және Солтүстік

Ирландия Құрама Корольдігінің

Қорғаныс министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК